

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

«Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды»
ертеңгілігі
№3 “Аққу” ортаңғы тобы



Тәрбиешілері: Искакова Р.Ж
Утегенова Л.У

2025 жыл

«Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды»

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін көрсету, патриоттық тәрбие беру. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Лаура Тәрбиеші:

О,Жарандар,жарандар!
Бәрің мұнда қарандар!
Наурыз тойы басталды,
Текке қарап тұрмандар!

Райла Тәрбиеші:

Келіндер, Наурыз тойға бәрің бүгін,
Аямай өнерпаздар ән мен жырын.
Тойлайық халық тойын Наурызымның,
Шуағын жерге төккен бақыт күнін.

Құрметті қонақтар,ата-аналар ,кішкентай бүлдіршіндер және балабақша ұжымы! Наурыз жыл басы құтты болсын,ақ мол болсын ,еліміз тыныш болсын,баршаңызға бақ қонсын!

Лаура тәрбиеші:

Қайырлы күн, мейрамға жиналған барша қауым. Бүгінгі Ұлыстың ұлы күні – ата – баба сөзімен айтқанда ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы – бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен Жаңа күн мерекесі.

Олай болса, бүгінгі атты мерекелік«Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды»

думанымызға шақырылған қонақтарымызды қарсы алайық.

Райла:

Ауыл барма ақсақалсыз, ағасыз?

Оның айтқан сөзіне әрбір нанасыз

Төрдегі қариялар сөзге шешен,

Тағылымынан зор ғибрат табасыз,-дей отыра аталарымызды немерелерімен ортаға шақырайық

(Дастархан басына аталар немерелерімен жайғасады)

Лаура:

Кел, Наурызым, құлпыртып тауды мына

Әжелердің қона ғой жаулығына.

Ырыс әкел, құт әкел, байлық әкел,

Тұғыр болғын әлемнің саулығына, ортаға наурыз тойын тойлап келе жатқан
әжелерімізді немерелерімен ортаға шақырайық.

Райла:

Наурызым қайта оралды аты аңыз,

Сұраймыз алғыс та біз, ақы да біз.

Үй – дастархан, даламыз сахнамыз,

Ұлы мейрам Наурызға шақырамыз! - ортаға әкелерімізді балаларымен
дастархан басына шақырайық.

Лаура:

Қанекей, қарсы алайық жылдың басын,

Қосылып жасқа жасың, басқа басың.

Барайық келер жылға төрт көз түгел,

Аман боп алыс, жақын, кәрі - жасың, - дей келе аналарымызды балаларымен
ортаға шақырайық.

Райла:

Қош келдіңіздер құрметті қонақтар.

Сөз кезегін аталарымызға берейік, балаларымызға айтар қандай өсейет-өнегесі
бар екен.

(Аталарымыз балаларға қамшымен таныстырып, қамшыны өріп көрсетеді)

Ойын “Оқтау тартыс”

Ойын: «Қамшы тастау»

Лаура: Ендігі сөз кезегін әкелерімізге берейік. Әкелеріміз қазақтың ұлттық
аспабы домбырамен таныстырып кетсе. Асық туралы түсінік беріп өтеді.

Ойын “Асық ату”

Ойын ережесі: Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады.

Балалар кезек-кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып
алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады,
ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады.

Тәрбиеші:

Күй де шертіп, ән салып,

Наурыз тойды қарсы алып.

Болсын дейміз шаттық мол,

Бүлдіршіндер домбырамен ән салып – дей келе келесі кезекті оркестрге
береміз.

Оркестр : “Домбыра “

Райла: «Ұлық бақты болсын, төрт түлік ақты болсын», «Дастарқан берекелі болсын!», «Жыл басы Наурыз, Мол болсын дәм тұз!» дей келе әжелерімізге сөз кезегін берейік.

Ән: «Дастархан»

Лаура: Дастархан басында отырған аналарымызға сөз кезегін береміз. (аналар текемет туралы түсінік беріп, өздері жасап отырған текеметті ұсынады)

Би “Текемет”

Райла: Аңыз әңгіме.

Үлкен бір қария үйінде отырса, немересі келіп, байлық келді деген екен. Сонда қария осы уақытқа дейін келмеген байлықтың енді қажеті жоқ, жүре берсін, депті.

Біраздан кейін, немересі: «Ата-ата, дәулет пен бақ келіп тұр», - депті. «Осы уақытқа дейін келмеген дәулет пен бақтың қажеті жоқ, жүре берсін», - депті қария. Біраздан соң немересі жүгіріп келіп «Ата-ата, амандықпен деңсаулық келіп тұр», деген екен. Сол кезде қария орнынан тұрып, амандық пен деңсаулықты төрге шақырғанда, артынан байлық та, дәулет те еріп кіріп, қариядан сұрапты: «амандық пен деңсаулықтан біз бұрын келдік, бізді неге кіргізбедің» дегенде, «Егерде менің амандығым мен деңсаулығым болмаса, осы немерелерімнің жүгіріп жүргені, осы амандық пен деңсаулықтың арқасы. Олар болмаса маған байлықтың да, дәулетің де қажеті жоқ», деген екен.

Олай болса, амандық пен деңсаулықтың арқасында бәріміз осында, бір ауыл болып, шаттыққа толып отырмыз.

Лаура:

Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар,

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы жол болар- деп бүгінгі тойға үлкендерден бата сұрайық.
(Ата бата береді)

Райла:

Осымен **Наурыз** мерекесіне арналған «Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды» ертеңгілігіміз аяқталды. Қош сау болыңыздар !











Оқата тәрбиелете мидарыды

«Ұлтымыз Ұлыстын ұлы күнін ұлықтайды»

